



Қазақстан Республикасы  
Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі  
Ұлттық статистика бюросы

# Сапа бойынша есеп

*2020 жылғы Қазақстан  
Республикасындағы лизингтік  
қызмет туралы*

## Мазмұны

S.1 Байланыс деректері

S.2 Өзектілік- кіріспе

S.3 Метадеректерді жаңарту

S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

S.5 Өлшем бірлігі

S.6 Есепті кезең

S.7 Құқықтық негіз

S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау

S.9 Жарияланымдар саясаты

S.10 Тарату жиілігі

S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

S.13 Сапаны басқару

S.14 Өзектілік

S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

S.17 Салыстырмалылық

S.18 Келісушілік

S.19 Жүктеме

S.20 Деректерді қайта қарау

S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

S.22 Ескерту

## S.1 Байланыс деректері

### S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы

### S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Қызмет көрсету және энергетика статистикасы департаменті

### S.1.3 Байланыс адамының аты

Шүкірбаева Шолпан Тайшыманқызы

#### S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Қарауылова Гүлмира Сайлаубекқызы

### S.1.5 Байланыс адамының пошталық мекенжайы

010000, Нұр-Сұлтан қ., Есіл ө. сол жақ жағалауы, Мәңгілік ел көшесі, 8  
Министрліктер үйі, 4 - кіреберіс

### S.1.6 Байланыс адамының электрондық мекенжайы

sh.shukerbaeva@aspire.gov.kz

### S.1.7 Байланыс адамының телефоны

+7(7172)74-97-71

## S.2 Өзектілік- кіріспе

Қызмет көрсету статистикасын қалыптастырудың негізі қызмет көрсету кәсіпорнының статистикалық есептері болып табылады, олардың бірі 1-лизинг «Лизингтік қызмет туралы есеп» нысаны болып табылады.

Министрліктер, жергілікті атқарушы органдар және басқа да ведомстволар, жеке және заңды тұлғалар негізгі пайдаланушылар болып табылады. ҚР СЖЖРА Ұлттық статистика бюросында әлеуетті пайдаланушылар мен респонденттердің, мүдделі мемлекеттік органдардың, сонымен қатар "Атамекен" ҰКП өкілдерінің қатысуымен жұмыс топтарының (фокус-топтары) отырыстары өткізіледі, онда жалпымемлекеттік статистикалық нысандар көрсеткіштерінің өзектілігі және ведомстволық статистикалық нысандар мен әкімшілік деректер нысандары көрсеткіштерімен қайталанбау мәніне егжей-тегжейлі талдау жүргізіледі. Пайдаланушылармен кері байланыс Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі төрағасының блогы арқылы жүзеге асырылады.

## S.3 Метадеректерді жаңарту

### S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

21.05.21

### S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыруы

20.12.19

### S.3.3 Метадеректердің соңғы жаңаруы

20.12.19

## S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

### S.4.1 Деректерді сипаттау

Қаржы лизингі – лизинг беруші сатушыдан өз меншігіне сатып алған және лизинг шартымен келісілген лизинг нысанасын лизинг алушыға белгілі бір төлемақысына және белгілі бір талаптармен уақытша иеленуге және бір жылдан асатын мерзімге пайдалануға беруге міндеттенетін инвестициялық қызметтің түрі. Бұл орайда лизинг шарты бойынша лизинг нысанасын беру мына талаптардың біріне немесе бірнешеуіне сай келуге тиіс:

- 1) лизинг нысанасын лизинг алушының меншігіне беру және (немесе) лизинг алушыға тіркелген баға бойынша лизинг нысанасын сатып алу құқығын беру лизинг шартымен айқындалады;
- 2) лизинг мерзімі лизинг нысанасының пайдалы қызмет ету мерзімінің 75 пайызынан асады;
- 3) лизинг төлемдерінің лизингтің бүкіл мерзімі ішіндегі ағымдық (дисконтталған) құны лизингтің берілген нысанасы құнының 90 пайызынан асады.

### S.4.2 Жіктеу жүйесі

Зерттеу жүргізу кезінде мынадай статистикалық жіктеуіштер пайдаланылады:

- 1) ӘАОЖ - Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші;
- 2) ЭҚЖЖ - Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші;
- 3) МНЖ - Меншік нысандары мен түрлерінің жіктеуіші;
- 4) КӨЖ - Заңды тұлғалардың, филиалдар мен өкілдіктердің, сондай-ақ қызметкерлердің саны бойынша дара кәсіпкерлік субъектілерінің өлшемділігі жіктеуіші.
- 5) ЭСЖ - Экономика секторларының жіктеуіші.

Аталған жіктеуіштер Ұлттық статистика бюросының [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) Интернет ресурсындағы «Жіктеуіштер» бөлімінің басты бетінде орналастырылған.

### S.4.3 Секторлық қамту

Қызметкерлердің санына қарамастан Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші бойынша 64.91.1, 64.91.2, 77.11.2, 77.12.2, 77.31.2, 77.32.2, 77.33.2,

77.33.9, 77.34.2, 77.35.2, 77.39.2, 77.40.0 кодтарына сәйкес лизинг саласындағы негізгі қызмет түрімен заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері ұсынады.

#### S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтамалар

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының м.а. 2016 жылғы 9 ақпандағы №32 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 5 наурызда №13408 болып тіркелген, Коммерциялық көрсетілетін қызметтер статистикасы бойынша көрсеткіштерді қалыптастыру әдістемесі қызмет көрсету статистикасының көрсеткіштерін қалыптастыру үшін негіз болып табылады;

2) Респонденттер тобы: Қызметкерлердің санына қарамастан Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші бойынша 64.91.1, 64.91.2, 77.11.2, 77.12.2, 77.31.2, 77.32.2, 77.33.2, 77.33.9, 77.34.2, 77.35.2, 77.39.2, 77.40.0 кодтарына сәйкес лизинг саласындағы негізгі қызмет түрімен заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері;

3) Құралдар: «Лизингтік қызмет туралы есеп» (коды 201112120, индексі 1-саябақ, кезеңділігі жылдық) статистикалық нысаны;

4) Байқау типі: жаппай

5) Ұсыну мерзімі: есепті кезеңнен кейінгі 30 наурызға (қоса алғанда) дейін. Осы статистикалық нысанды тапсыру қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында ([www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)) орналастырылған «Деректерді on-line режимде жинау» ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Нысан соңғы рет 2019 жылы қайта қаралды, статистикалық нысан Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ([www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)) интернет-ресурсындағы Респонденттерге - 2021 жылғы статистикалық нысандар - Жылдық нысандар бөлімінде орналастырылған.

#### S.4.5 Статистикалық объект

Қызметкерлердің санына қарамастан Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші бойынша 64.91.1, 64.91.2, 77.11.2, 77.12.2, 77.31.2, 77.32.2, 77.33.2, 77.33.9, 77.34.2, 77.35.2, 77.39.2, 77.40.0 кодтарына сәйкес лизинг саласындағы негізгі қызмет түрімен заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері ұсынады.

#### S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігінің іріктеу қағидаты)

Жаппай зерттеу

#### S.4.7 Аумақтық қамту

Қазақстан Республикасы (барлық облыстары, республикалық маңызы бар қалалар мен астана).

#### S.4.8 Қамту уақыты

Зерттеу 2014 жылдан бастап жылдық негізде жүргізіледі. 2013-2020 жылдардағы уақыттық қатарлар бар.

#### S.4.9 Базалық кезең

Зерттеу жылының алдындағы жыл базалық кезең болып есептеледі.

#### S.5 Өлшем бірлігі

Бірлік

#### S.6 Есепті кезең

Жылына бір рет.

#### S.7 Құқықтық негіз

##### S.7.1 Құқықтық база

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңы.
2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі №173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидалары.
3. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының м.а. 2010 жылғы 14 шілдедегі №183 бұйрығымен бекітілген Әкімшілік дереккөздердің әкімшілік деректерді өтеусіз негізде ұсыну қағидалары.
4. Белгіленген заңнамалық тәртіппен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрығымен бекітілетін Статистикалық жұмыстар жоспары.
5. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі.
6. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 20 мамырдағы №113 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде көзделмеген және респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигіне сәйкес респонденттер ұсынатын алғашқы

статистикалық деректер негізінде әзірленген статистикалық ақпаратты өтеусіз негізде беру қағидалары.

7. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі №168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидалары, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелді.

8. Коммерциялық көрсетілетін қызметтер статистикасы бойынша көрсеткіштерді қалыптастыру әдістемесі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының міндетін атқарушының 2016 жылғы 9 ақпандағы №32 бұйрығымен бекітілді. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 5 наурызда №13408 болып тіркелді.

## S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау

### S.8.1 Құпиялылық саясаты

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңның 8-бабына сәйкес респонденттер ұсынатын деректердің құпиялылығына және қорғалуына кепілдік қамтамасыз етіледі.

2. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық құпиядан құрайтын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.

3. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының 2021 жылғы 10 ақпандағы № 20 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі–Саясат) Бюроның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басқару принциптері мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, оның тұтастығы және теңтүпнұсқалығы шартында Бюроның есептеу техникасы құралдарында өңделетін және сақталатын ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету болып табылады.

### S.8.2 Құпиялылық – деректермен жұмыс істеу

1. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі №168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидалары. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелді.

## S.9 Жарияланымдар саясаты

### S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257 Заңының 26-бабының 1, 2-тармақтарына сәйкес. Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі ҚР СЖЖРА ҰСБ [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайтында «Негізгі» // «Негізгі құжаттар» бөлімінде орналасқан.

### S.9.2 Графикке қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі ҚР СЖЖРА ҰСБ [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайтында «Негізгі» // «Негізгі құжаттар» бөлімінде орналасқан.

### S.9.3 Пайдаланушы үшін қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпарат Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес Статистикалық жұмыстар жоспарында көзделген көлемде таратылуға жатады.

Мемлекеттік статистика органдары пайдаланушыларға бір мезгілде қол жеткізуге тең құқықтарды және мемлекеттік статистика органдарының интернет-ресурсында орналастыру арқылы сапалы әкімшілік статистикалық ақпаратты және статистикалық әдіснаманы қамтамасыз етеді.

ҚР СЖЖРА Ұлттық статистика бюросының [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайты. Ресми статистика > Салалар бойынша > Қызмет көрсету статистикасы (бюллетеньдер)

## S.10 Тарату жиілігі

Жыл

## S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

### S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

Баспасөз хабарламалары қалыптастырылмайды.

### S.11.2 Жарияланымдар

"Қазақстан Республикасындағы лизингтік қызмет туралы" статистикалық бюллетені ҚР СЖЖРА Ұлттық статистика бюросының Интернет ресурсында, Ресми статистика – Салалар бойынша – Қызмет көрсету статистикасы – Бюллетеньдер бөлімінде орналасқан;

### S.11.3 Онлайндық деректер базасы

"Талдау" ақпараттық - талдамалық жүйесінде орналасқан - Статистика бөлімдері - Қызметтер статистикасы

### S.11.3.1 АС1. Деректер кестесі -кеңестер

Іске асырылмаған

### S.11.4 Микродеректерге қолжетімділік



Микродеректерге қолжетімділік жоқ. Деректер қорын сәйкестендірілмеген түрінде ұсыну Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі №168 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайтында орналасқан) Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидаларымен реттеледі.

#### S.11.5 Өзге де

##### S.11.5.1 АС 2. Метадеректер – кеңестер

Іске асырылмаған

#### S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

##### S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

- 1) "Коммерциялық көрсетілетін қызметтер статистикасы бойынша көрсеткіштерді қалыптастыру әдістемесі" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 9 ақпандағы №32 бұйрығымен бекітілді. ҚР Әділет министрлігінде 2016 жылы 5 наурызда №13408 болып тіркелді. ҚР СЖЖРА Ұлттық статистика бюросының [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) Интернет-ресурсында "Әдіснама" – Қызмет көрсету статистикасы бөлімінде орналастырылған;
- 2) "Статистика бойынша әдіснамалық ережелер 2018 жыл" төртінші басылым, толықтыру. ҚР СЖЖРА Ұлттық статистика бюросының [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) Интернет ресурсында "Әдіснама" бөлімінде орналастырылған.

##### S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

1. ҚР СЖЖРА Ұлттық статистика бюросы басшысының 2020 жылғы 16 қарашадағы бұйрығымен бекітілген Сапа саласындағы саясат.
2. ҚР СЖЖРА Ұлттық статистика бюросының Сапа саласындағы мақсаттары, Тиісті құрылымдық бөлімшенің Сапа саласындағы мақсаттары.
3. Сапа менеджменті жүйесінің құжатталған ақпараты: Сапа бойынша нұсқау; Құжатталған рәсімдер; Нұсқаулықтар; Процесстер карталары.
4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы №53 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу үдерісін сипаттаудың үлгілік әдістемесі.
5. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы №63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

## S.13 Сапаны басқару

### S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Қызмет көрсету статистикасы бойынша деректердің сапасы және анықтығы жалпы қабылданған рәсімдермен құпталады:

- бастапқы есепке алудың негізгі принциптерін сақтау;
- бастапқы деректерді жинау және өңдеу кезеңдерінде бақылаудың барлық схемалары (форматтық-логикалық, арифметикалық) әзірленген және енгізілген;
- бастапқы статистикалық деректердің дұрыстығын растау үшін респонденттерден қосымша ақпарат алу мүмкіндігі заңмен бекітілді.

### S.13.2 Сапаны бағалау

Коммерциялық көрсетілетін қызметтер статистикасы бойынша көрсеткіштерді қалыптастыру әдістемесін бекіту туралы халықаралық стандарттарға сәйкес қалыптастырылатын және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңына сәйкес бекітілетін статистикалық әдіснамаға жатады. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының м.а. 2016 жылғы 9 ақпандағы № 32 бұйрығымен бекітілді.

## S.14 Өзектілік

### S.14.1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері

Министрліктер, жергілікті атқарушы органдар және басқа да ведомстволар, жеке және заңды тұлғалар.

### S.14.2 Пайдаланушылардың қанағаттанушылығы

Q-002 "Пайдаланушыларға сауал салу" сауалнамасына сәйкес жыл сайын ресми статистикалық ақпараттарды пайдаланушыларға сауал салу жүргізіледі.

### S.14.3 Толықтығы/ R1. Деректердің толықтығы – үлес

Қолданылмайды


## S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

### S.15.1 Жалпы дәлдік

Дәлдік пен сенімділікті талдау соңғы бес жылдағы қаржылық лизинг шарттарының жалпы құны бойынша ұсынылған.

## Қаржыландыру көздері бойынша қаржылық лизинг шарттарының жалпы құны


мың теңге



Талдау көрсеткендей, қаржылық лизинг шарттарының біртіндеп өсуі 2016-2020 жылдары байқалады. Қаржылық лизинг шарттарының азаюына байланысты 2018 жылы құлдырау орын алды (2018 жылы - 175,3 млрд. теңге). Қаржылық лизинг шарттарының басым бөлігі 2020 жылға тиесілі (2020 ж. – 460,5 млрд.теңге).

## Облыстар бойынша қаржылық лизинг шарттарының үлесі


пайызбен



Диаграммада 2020 жылға қарай қаржылық лизинг шарттарының басым үлесі Нұр-сұлтан қаласына – 69,1%, Алматы қаласына – 11,9% келетінін көрсетеді. Қаржылық лизинг шарттары Түркістан, Қызылорда, Жамбыл облыстарында жоқ.

## Қаржы лизинг шарттарын қолдану үлесі салалар бойынша

пайызбен



2020 жылы Көлік және жинақтау (қаржылық лизинг шарттарының жалпы құнының 32,1%), ауыл, орман және балық шаруашылығы (27,7%), сондай-ақ өңдеу өнеркәсібі (16,6%) неғұрлым тартымды салаларға айналды.

S.15.2 Іріктеме қатесі - индикаторлар/ A1.

Қолданылмайды.

S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате

Қолданылмайды.

S.15.3.1 Қамту қатесі

Қолданылмайды.

S.15.3.1.1 A2. Қамтуды арттыру - үлес

Қолданылмайды.

S.15.3.1.2 A3. Жалпы бірліктер - арақатынас

Қолданылмайды.

S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері

S.15.3.3.1 A4. Жауап жоқ болу бірлігі – үлесі

Қолданылмайды.

S.15.3.3.2 A5. Жауап жоқ болу тармағы – үлесі

Қолданылмайды.

## S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

### S.16.1 Уақыттылық

#### S.16.1.1 TP1. Күту кезеңі – алғашқы нәтижелер

Респонденттер ұсынған мерзімнен бастап «Қазақстан Республикасындағы лизингтік қызмет туралы» бюллетенінің бірінші жариялануына дейінгі алғашқы нәтижелерді өндеуге жұмсалған уақыт орта есеппен 10 күнді құрайды. Бюллетеньде нәтижелер Статистикалық жұмыстар жоспары бойынша жыл сайын 21 мамырда жарияланады, олар түпкілікті болып табылады.

#### S.16.1.2 TP2. Күту кезеңі – соңғы нәтижелер

Нәтижелер түпкілікті болып табылады

### S.16.2 Ұқыптылық

#### S.16.2.1 Ұқыптылық/TP3

Деректер белгіленген заңнамалық тәртіппен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 13 қазандағы №76 бұйрығымен бекітілген Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес жарияланады. 2021 жылға арналған Статистикалық жұмыс жоспарына сәйкес, бюллетень 2021 жылы 21 мамырда жарияланды. Нақты және жоспарлы күндер сәйкес келеді, 2020 жылға жариялау мерзімінің бұзылуы болған жоқ. Егер жарияланым демалыс немесе мереке күндеріне түссе, жарияланымды шығару келесі күнге ауыстырылады.

## S.17 Салыстырмалылық

### S.17.1 Географиялық салыстырмалығы

Өңірлер арасында деректер салғастырмалы

#### S.17.1.1 Ағындардың айналы статистикасы бойынша ассиметриясы–коэффициент/СС1

- Қолданылмайды

#### S.17.2 Салыстырылатын уақыттық қатарлардың ұзақтығы/СС2

2014 жылдан бастап жыл сайын жүргізіледі. 2013-2020 жылдардағы уақыттық қатарлар бар.

## S.18 Келісушілік

### S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан


Коммерциялық көрсетілетін қызметтер статистикасы көрсеткіштерін қалыптастыру бойынша әдістеме КАЗСТАТ жобасы шеңберінде (Ұлттық статистика жүйесін нығайту жөніндегі жоба) алынған халықаралық ұсынымдарға (Германия Федеративті Республикасы және Дания Корольдігі)

және Еуростат стандарттарына сәйкес әзірленген.

### S.18.2 Ішкі келісушілік

Қаржылық лизинг шарттары санының операциялық лизинг шарттары санымен келісімділігі төменде берілген.

#### 2016-2020 жылдар аралығында қаржылық және операциялық лизинг шарттарының санын салыстыру



Диаграммада қаржылық лизинг шарттарының саны операциялық лизинг шарттарының санынан көп екенін көрсетеді. 2020 жылы қаржылық лизинг 13406 бірлікті, ал операциялық лизинг тиісінше 365 бірлікті құрады.

### S.19 Жүктеме

Деректерді жинау респонденттің қалауы бойынша қағаз жеткізгіште және электрондық түрде жүзеге асырылады. Деректерді онлайн-режимде жинау кезінде респондент үшін әдеттегі енгізу қателеріне жол бермейтін автоматтандырылған арифметикалық-логикалық бақылаулар көзделген. Ақпаратты өңдеу процестері жергілікті бағдарламалық кешендерді қолдана отырып автоматтандырылған, кіріс және шығыс ақпаратты бақылау қарастырылған. Нысанды толтыруға жұмсалған орташа уақыт 1-2 сағатты құрайды. Басқа зерттеулермен қайталау жоқ.

2020 жылы есеп берген респонденттер саны 118 бірлікті құрады.

### S.20 Деректерді қайта қарау

#### S.20.2 Деректерді қайта қарау /А6

Нысан соңғы рет 2019 жылы қайта қаралды, статистикалық нысан Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы ([www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)) интернет-ресурсындағы Респонденттерге -

2021 жылғы статистикалық нысандар - Жылдық нысандар бөлімінде орналастырылған. 2020 жылы қайта жариялау болған жоқ.

2020 жылы ресми статистикалық ақпаратты қайта жариялау болған жоқ.

## S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

### S.21.1 Бастапқы деректер

Қызмет көрсету статистикасы бойынша статистикалық ақпарат 1-лизинг "Лизингтік қызмет туралы есеп" нысаны бойынша респонденттердің алғашқы есептерінің негізінде қалыптасады.

### S.21.2 Зерттеу кезеңділігі

Жыл.

### S.21.3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

Қызмет көрсету статистикасы бойынша статистикалық нысанды тапсыру қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру ҚР СЖРА ҚСБ Интернет-ресурсында ([www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)) орналастырылған "Деректерді on-line режимде жинау" ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

### S.21.4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

Деректердің сапасын жақсарту, статистикалық нысанды толтыру анықтығын тексеру және статистикалық нысанның кейбір сұрақтары бойынша жауаптардың жоқ болуын азайту мақсатында алғашқы деректерді электрондық форматта енгізу деңгейінде анықтығын тексеру айқындалған, сондай-ақ алғашқы статистикалық ақпаратты өңдеу бойынша бағдарламалық қамтамасыз етуге әртүрлі форматты-логикалық бақылаулар қосылған.

Форматты-логикалық бақылаулар: бөлімдер арасында, бөлімдер ішінде.

### S.21.5 Импутация - үлесі/A7

Қолданылмайды

### S.21.6 Түзету

Деректерді түзету тікелей статистикалық байқау жүргізу кезінде жүзеге асырылады.

#### S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер

Қолданылмайды

## S.22 Ескерту

Алдағы уақытта деректер сапасын қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыру